

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

**М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ
ӨНЕР ИНСТИТУТЫ**



**ҚАЗАҚ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1977**



АБАЙ
(ИБРАҒИМ)
ҚҰНАНБАЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕКІ ТОМДЫҚ
ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ
ЕКІНШІ ТОМ

АУДАРМАЛАР МЕН ҚАРА СӨЗДЕР

894.342
А —13

Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. II том. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977.

312 б.

, Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдығын баспаға дайындау үстінде бұрынғы басылымдарындағы жетістіктер мен кемістіктер түгелдей ескеріле отырып, текстологиялық тексерулер жүргізілді, түсіндірме сөздер толықтырылып, түзетілді. Сондай-ақ Абай шығармаларының текстологиясы жөнінде бұрын-соңды айтылып келген орынды пікір мен ұтымды ұсыныстар қабылданды.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КОЛЛЕГИЯ

*З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Дербісәлин,
М. Жармұқамедов, К. Сыдықов (жауапты
шығарушы),
М. Каратаев, Ә. Шәріпов*

**Жалпы редакциясын басқарған
Қазақ ССР Ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі
Ы. Дүйсенбаев**

А 70403—021 1 24—77
407(07)—77

© Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж.

А Л Ғ Ы С Ө З

Абай заманында қазақ арасында аударма •нері мүлде дерлік дамымаған болатын-ды. Егер онымен бірен-саран шұғылданушы табыла қалса, аударма ісіне негізгі мамандығының мұқтажына қажетті қосалқы құрал ретінде қарайтын еді. Мысалы, көрнекті ағартушы және тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсариннің осы саладағы еңбегіне назар аударсақ, ол кісі жас жеткіншектерді оқытуға себі тиетін бірнеше ғибрат әңгімелерді орысшадан қазақ тіліне аударғаны болмаса, бұл игілікті іспен кең көлемде және арнайы айналысқан жоқ. Демек, қайталап айтсақ, аударма ол уақытта шын мәніндегі, өнер дәрежесіне көтеріле алмады, көбінесе, әуесқойлық деңгейден аспады.

Ал Абайдың өз басы аудармамен шұғылданған шағында бұл салада арнайы қызмет етуді, сөйтіп аударма ісін профессионалдық сатыға көтеруді нысана етіп қоймаған тәрізді. Әйтсе де, Абай өзінің ақындық өнері тәжірибесінде әрдайым орыстың озат мәдениетіне сүйенгендіктен, өзі сүйсіне оқып, үлгі-өнеге тұтқан классик ақындарды қазақша сөйлетпей отыра алмаған. Ол ол ма, Абай ақындығының

кемелденуіне, жетіле түсуіне, асқан көркемдік пен терең мазмұнға ие болуына сол аударманың едәуір роль атқарғаны, игілікті әсер еткені күмәнсіз. Қалайда, ақынның әдеби мұрасы ішінде аударма үлгілерінің де өзіндік орны мен салмағы бар. Бірер цифрлар келтірелік: аудармаға арналған 15 жылында Абай үлкенді-кішілі 50-ден астам шығарманы орыс тілінен қазақшаға аударыпты. Сонда ол А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты әйгілі романынан 7 үзінді, М. Ю. Лермонтовтан 30-ға таяу шығарма, И. А. Крыловтан 12 мысал т. б. авторлардан 7 өлең аударған. Енді солардың кейбіреулеріне ғана қысқаша тоқтап, Абайдың бұл саладағы жемісті еңбегіне баға беріп өтсек дейміз.

Абай аудармаларын Пушкин үзінділерінен бастайтын себебіміз кездейсоқ емес. Қазақ ақынының аударма өнеріндегі алғашқы қадамы тап осылайша болған еді. Өзінен өзі туатын бір сұрақ: Абай «Евгений Онегин» романын аударғанда алдына қандай мақсат қойды, осындай ұлы шығарманың нендей қасиеттері қызықтырып, қазақ классигінің ерекше назарын аударды т. т.

«Евгений Онегинді» түгелдей аудармағанына қарағанда, орыс қауымының сол кездегі өмірін жан-жақты және өте терең көрсететін романдағы көптеген жайлары Абайды оншалық қызықтырмағанға ұқсайды. Оның бер жағында «Евгений Онегин» алуандас өте күрделі туындыны бірден меңгеру оңай емес те еді. Сондай-ақ, Абай заманындағы қазақ ортасынан «Евгений Онегин» романын жете тү-

сініп оқитын мәдениетті жұртшылықты табу да қиын екенін есте тұтқан абзал. Сондықтан да Абай кімге де болсын түсінікті жайды ғана алады да, бір-біріне барабар, тең тұрса да, екі жасты махаббаты сәтсіз кейіпкерлер сипатында бейнелейді. Бірақ қазақ ақынының мұнысы А. С. Пушкиннен алшақ кету яки оны бұрмалау емес пе? Жоқ олай емес. Мәселе түп нұсқадағы Онегин мен Абай аудармасындағы Онегин арасындағы ұқсастықта немесе айырмашылықта емес. Өйткені түптеп келгенде, сөз болатын бір ғана кейіпкер және соның Татьянамен қарым-қатынасы, Ал, Пушкин романында Онегин саяхаттан Петербургке қайта оралғаннан кейін, өзі бір кезде бас тартқан жас Татьянаны енді жаңа жағдайда көріп, оған бірден ғашық болады ғой. Сұлу әйелдің аяғына жығылып, жүрек мұңын ақтармай ма?! Абай осы фактіге сүйене отыра, романның басқа перипетиялары сөз болмайтынын ескеріп, екі жастың хаттарын келтірген де, онысы шындықтан алыстап кетпеген және мұндай шешімнің сол кездегі қазақ жастары үшін де өнеге-тәрбиелік маңызы зор болатынды. М. О. Әуезов өзінің Абайға арнаған белгілі еңбегінде¹ ақынның осы аудармаларын эпистолярный роман деп атаған. Бұл құнарлы пікірдің негізінде шындық барлығын мойындасақ та, жоғарыда айтылған, Абай аударған үзінділерді де тап солай деп үзілді-кесілді тұ-

¹ М. О. Әуезовтің «Әр жылдар ойларындағы» Абайға арналған монографиялық зерттеуін айтып отырмыз.— *Ы. Д.*

жырым жасауға келе бермейтін секілді. Демек, бұл алуандас шығармалар, әсіресе, прозалық түрде Европа әдебиетінде өте көп ұшырасады, бірақ олардың қай-қайсысы болсын қалыптасқан заңдылығы бар бір тұтас туындылар. Хат түрінде жазылса да сол шығармалардың қармандары әр қырынан көрініп, өздерінің көркемдік шешімдерін түгелдей тауып отырады. Ал, Абай аударған үзінділерде мұндай жымдасқан тұтастық жоқ және олардың бәрі жиналып келгенде екі жастың басындағы бір ғана кезенді сипаттайды, яғни Онегин мен Татьянаның басқа тіршілігі, әрекеттері ашылмайды, назардан тыс қалады.

Қайсыбір зерттеушілер Абайдың тым қазақшалап жіберген яки аз да болсын алшақтау кеткен жерлерін сылтау етіп, Пушкиннің Онегині мен Татьянасынан басқа Абай өз тарапынан жаңа Татьяна мен Онегинді жасап, олардың тың бейнелерін ұсынды деген мүлде қате пікірлер жариялап жүрді. Бұл Абай ойын түсінбеушілік, бүйректен сирақ шығару.

Айрықша көңіл бөлетін тағы бір мәселе, сол «Евгений Онегиннен» не бары жеті үзінді ғана қазақшаланған болса, олардың бәрі бірдей Пушкиннің оригиналымен мүлтіксіз дәл түсе бермейді. Бұл неліктен? Абайдың алғашқы қадамы, яғни аударма ісіндегі тәжірибесі аздығынан туды десек, аталмыш үзінділердің ішінде ақынның әрі көркем, әрі дәлірек аударғандары да кездеседі ғой (мысалы, «Онегиннің сипаты», «Амал жоқ қайттым білдірмей», «Барасың қайда, қайда болмай маған» т. б.). Тегі негізгі себепті басқа жақтан іздеген дұ-

рыс. Сайып келгенде, өз заманындағы оқушы көпшілікке аударманы ұғымды ету үшін мұндай азды-көпті алшақтыққа Абай саналы түрде барған сияқты. Бірақ ол еш уақытта да Пушкиннің негізгі сарынын, рухын мүлде өзгертіп көрген емес. Қайталап айтсақ, Пушкинді қазақшалағанда Абай қайтсе де оның тексіне тың жолдар енгізіп, өнер таластыруға немесе орыс ақыны тартқан желіні бұзып, соны тақырыпқа әдейілеп барған жоқ. Егер, ара-тұра, Пушкиннің түп нұсқасынан алшақтау кетсе қазақ оқырмандарының қамын жеуден туған өте заңды көрініс демекпіз.

Қысқасынан қайырсақ, Абайдың орыс ақыны Пушкинге келуі осылайша болған.

Абайдың ерекше сүйіп аударған екінші ақыны — М. Ю. Лермонтов. Ең алдымен, Лермонтов шығармаларымен қазақ ақынының өте таныс екенін және оның жеке өлеңдерімен бірге кейбір поэмаларынан да үзінділер аударғанын аңғарамыз. Тағы бір жаңалық, Абай аударма өнерін жақсы меңгеріп, оның көркемдік сапасы мен түп нұсқаға дәлдігін айтарлықтай дәрежеге көтере білген.

М. Ю. Лермонтовтың әйгілі поэмасы «Демоннан» яки оның басқа да кесек туындыларынан үзінділерді қазақ тіліне аударғанда Абайдың көздеген мақсаты түсінікті, айқын. Ол, бір жағы, өз көңіл-күйін білдіретін, екіншіден, оқушы жұртшылыққа қатты әсер етіп толғандыратын жолдарды аударады. Мысалы, «Измаил-бей» поэмасының екінші бөлімінен аударғанда қазақ классигінің назары мына бір жолдарға ауыпты:

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?
Жұртын сүйген нәрсені ол да сүймек.
Ішін, берік боп, нәпсіге тыюлысып,
Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек.

Сасқанынды көрсетпе ешкімге бір,
Сөйтсе де ірісімен кеңесіп жүр.
Кейбірін хауіптендір мінін тауып,
Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір.

Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ,
Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ.
Анда-санда құтырған жаман емес,
Оныңды жиі қылмай және бол сақ.

Кісімсі қайда жүрсек олжаға тоқ,
Шұқыма халық көзінше қарғаша бoқ,
Жұрт — жас бала, жылатып тартып алма,
Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ.

Жат елге жадағайда сөйле шәртез,
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
Жатты жау деп елінді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез...

Лермонтовтың зілді ирониясын Абай титтей де әлсіретпей, сол күйінде жеткізе білген және өз заманының сипатына сай тереңірек ашу үшін қазаққа түсінікті жағдайларды баса көрсеткен. Содан болса керек, көпке дейін бұл үзіндіні Абайдың төл шығармасы деп танып келдік. Расында да қазақ даласындағы ел билеушілердің тәсіл-айласын Абай бүркемелемей-ақ, айқындап ашып берген. Түр жағынан алғанда бұл аудармада аздаған алшақтық бар. Лермонтовта «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек» — 22 жолдан тұратын тұтас бір строфа болса, Абай оны әрқайсысы терт жолдан келетін қазақтың қара өлеңімен аударған.

Сөз реті келген соң айта кетелік. Аударманың дәлдігін кейде біз тым тар көлемде түсініп, бір жақтылау бағалап жүрміз. Әрине, аударылған өлеңнің ішкі тынысын, көркемдік ерекшеліктерін, идеялық мәнін сол қаз-қалпында бұлжытпай бере білуге не жетсін, бұран ешкім таласпайды да. Бірақ, тәжірибе жүзінде сан түрлі себептер ерік бермей, оригиналдан біраз алшақ кетуге тура келсе қайтеміз? Рас, бар жағдайды күні бұрын ескеру мүмкін емес және оның қажеті де аз. Біз бағынатын бірден-бір қағида шығарманың мазмұнына, көркемдік ерекшелігіне, стиліне зақым келтірмеу, автордың шеберлігін сақтау т. б. Мәселе жол санын өзгертпей, орны-орнын ауыстырмай сол қалпында беруде ғана емес, тіпті керісінше, түп нұсқадағы ақынның өрнекті ойларын бұзбай, көркем теңеулері мен айшықты сөздеріне төлеу таба білу. Қысқасы, екінші тілдің байлығы мен мүмкіндігін сарқалдырмай отырып, ұлы Пушкинді қазақ тілінде шешен де шебер сөйлету шарт. Абай, міне, осы жағына әрдайым қатты назар аударып отырған. Сырт Караганда Абай «Теректің сыйын» аударған кезінде Лермонтовтың тексін әрі қысқартқан, әрі алшақ кеткен жерлері бар. Лермонтовта бұл өлеңнің көлемі 77 жол, қазақшасынан екі есе көп. Бұл ретте М. О. Әуезов былай тұжырады: «Мысалы, «Теректің сыйын» Абай көп қысқарту жасап аударды... Себебі, оригиналдың ішіндегі бір үлкен үзіндіні Абай түгелімен тастап кетеді. Онда Терек қарт Каспийге, бір ер жігіт қабардинецті әкеле жатырмын дейді. Жігіттің сауыт хаттауында

жазылған «Құранның аяты да бар»,— дейді. Абай өз оқушысына, осы жерді қалпында беруді қолайсыз көрген тәрізді. Сол бөлімді алып тастаумен бірге, Лермонтовтың кейбір жолдары мен кей шумақтар ішіндегі мазмұндарын аударыстырып, не өзгертіп алады. Сөйтіп, жалпы алғанда, тамаша көркем шыққан өлеңнің дәлдік жағынан әр алуан өзгешелігі бар»².

Ескеретін тағы бір нәрсе, Лермонтовты казак тіліне аударғанда Абай өз жанынан қосып, орыс ақынының тексін беталды «әдемілеуге» әрекеттенбейді, қайта кейбір әсем теңеулерді Лермонтовтың басқа шығармаларынан алып, орынды пайдалана білген. Мысалы, Абайдың аудармасында мынадай бір тамаша жолдар бар:

Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын,
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып...

Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады қу.

— Кавказдай күзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін.
Казбектен ағам сені көксеп шығып,
Кім қақтықса жолымда күйреткенмін.

Зор кеуде адамзаттың айласына,
Көнбей, бүгін күшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп, айғайласам,
Шын құтырсам шың тасты тербеткенмін.

² Дуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959, 163-б.

«Теректің сыйында» тап мұндай теңеулер кездеспегенмен осыған жақын жолдарды «Демон» поэмасынан ұшыратуға болады:

И, глубоко внизу чернея,
Вился излучистый Дарьял,
И Терек, прыгая, как львица
С косматой гривой на хребте,
Ревел,— и горный зверь и птица,
Кружась в лазурной высоте,
Глаголу вод его внимали...

Ілікте келтіргендеріміз Абай тәжірибесінде сирек кездесетін жайлар. Өйткені, Абай көбінесе, Лермонтов шығармаларын әрі шебер, әрі дәлме-дәл аударып отырған. Бұған дәлел ретінде «Жалау», «Жартас», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қанжар» әлпеттес өлеңдердің аудармаларын атап өтсек те жеткілікті.

А. С. Пушкин мен М. Ю. Лермонтов шығармаларын Абайдың аудару тәжірибесінен туған тағы бір қызықты құбылысқа тоқталмасқа болмайды. Абай кейде бір өлеңнің (мейлі Пушкиннің яки Лермонтовтың делік.— *Ы. Д.*) бас жағын аударып келе жатады да, кенет өз тақырыбына көшеді, әрі қарай өзінше толғап кетеді. Ал мұны аударма катарына жатқызуға, Абай Пушкин мен Лермонтовтан тым алшақтап, мүлде алыс кеткен, ал ақынның төл шығармасы санасақ, бастапқы жолдардың шын аударма екенінде күмән жоқ. Ендеше, бұл жағдайда не істеу керек? Бұл мәселені дұрыс шешуге, біздіңше, бір ғана жол бар секілді. Демек, аударушы ақынның өз жаны-

⁸ Лермонтов М. Ю. Собр. соч., т. II. М., 1958, с. 82.

нан қосқан тың жолдары түп нұсқаның сарынымен кетсе, немесе сонда көтерілген идеяны дамытатын болса, ол уақытта мұндай еңбекті аударма деп атамағанмен Пушкиннен яки Лермонтовтан, немесе Пушкин, Лермонтов бойынша деген ескертпе берген дұрыс. Ал егерде, жоғарыда аталған орыс классиктерінің шығармалары әуел баста Абайға әсерін тигізіп, өлеңдерін аударуға кіріссе де, кейін өзінше шешіп, соны тақырыпқа ауысса, мұндай туындыларды аударушы ақынның төл шығармалары қатарына қосқан орынды.

Абайдың ерекше көңіл бөліп аударған үшінші ақыны, орыстың атақты мысалшылы — И. А. Крылов. Сол бір кезде, аударма өнері жолға қойылмай тұрған шақтың өзінде И. А. Крыловтың бір мысалын («Қарға мен түлкі») тұңғыш рет Ыбырай Алтынсарин қазақшалаған болатын-ды. Содан кейін Абай молырақ, жемістірек еңбек етіп, оның он екі мысалын қазақ тіліне аударды.

Крылов мысалдарының ішіндегі жақсылық пен жамандықты, ізгілік пен жауыздықты, адамгершілік пен ар-намысты, надандық пен топастықты сөз ететін тәрбиелік мәні зор шығармаларының қазақ ағартушыларын қызықтырғанын абайлау онша қиын емес. Ендеше, сол кездегі орыс өмірінің ұсқынсыз жақтарын қатты шенейтін Крыловтың сатиралық мысалдарын қазақшалауға бармай, оның өсиетшілдік бағыты басымырақ мысалдарын Абайдың ден қоя аударуы тегін болмаса керек. Сонымен қатар, өз заманасының кесепат-кемшіліктерін бадырайта әшкерелеп, жалпыға жете түсінді-

руді мақсат етіп отырған сыншыл Абай үшін астарлап, Эзоп тілімен сөйлеу оншама тиімді болмаған сияқты.

Ерекше ескеретін нәрсе: Крылов мысалдарын Абай негізінде шебер аударса да, екі жағдайда түп нұсқадан алшағырақ кетіп отырған. Біріншісі, мысалдың өзіне тән ерекшелігін сақтамай, оны әншейіндегі өлең өлшемімен аударған. Екіншісі, кейде Крылов тексінен алшақ кетіп, өз тарапынан қорытындылар шығарып отырған. Әрине, бұл кездейсоқ құбылыс емес. Өйткені ұйқасты сөзге үйреніп қалған қазақ қауымына өлеңге жатпайтын белек жанр мысалды (басняны) өз ерекшеліктерімен (оның шумакка бөлінбеуі, көбінесе сөйлеп айтатын ауызша әңгімеге, халықтың нақысты, ырғақты кара сөзіне бейімірек келуі т. б.) сол қалпында аударар қою оңай емес еді. Абай да, Ыбырай да бұл жөнінде жаңа жол, тың тәсіл іздемей, қазақ поэзиясының қарауында бар мүмкіндікті пайдалануды қанағат еткен.

Ескерерлік тағы бір жайт: орыстың ұлы мысалшылынан Абайдың қанша шығарманы қазақ тіліне аударды деген сұраққа жауап беру. Себебі, Мұхтар Әуезов бұл жөнінде былай жазған еді: «Осындайдың салдарынан, Абайдың 1945 жылы шығатын толық жинағында Крыловтан Абай ғана емес, өзге адамдардың жасаған аудармалары да жаңсақ басылып кеткен. Әсіресе жинақтың түзілуін басқарған кейбір адамдардың шалағайлығы бойынша, жаңағыдай қолдарына түскен Абай қолжазбасының кейбір өзгешеліктерін аңдамауы бойынша, өзге тұста болмаса да, дәл осы Крылов-

тың мысалдарын тізген бөлімде, көрінеу қателіктер кеткен. Мен өзімнің бала күнімнен білетін, ескі қолжазбаларды еске алғанымда, Абайдың Крыловтан жасаған аудармалары төрт-бестен артық деп айта алмаймын. Олары: 1. «Есек пен бұлбұл»; 2. «Бүркіт пен қарға»; 3. «Шегіртке мен құмырсқа»; 4. «Түлкі мен қарға»; 5. «Піл мен қанден»⁴.

Алайда, соңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижесінде Абай аудармасының жалпы саны он екіге жетіп отыр. Олардың бәрі дерлік ұлы ақынның 1909 жылғы басылымына енген және Мүрсейіт қолжазбаларының бәрінде де бар (1905, 1907, 1910).

Сөйтіп, жоғарыда аталған орыстың үш классигінен басқа Абайдың аудармасы бойынша қазақ әдебиетіне кірген тағы да жеті шығарма бар: «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» (Адам Мицкевичтен), «Сұрғылт тұман дым бүркіп» (Романс, сөзі А. Делвигтікі, музыкасы М. Глинканыкі), «Қорқытпа мені дауылдан» (И. Буниннен), «Калкам-ай, мен үндемей жүремін көп» (авторы белгісіз), «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (В. А. Крыловтан), «Жүректе көп казына бар, бәрі жақсы» (Я. Полонскийден), «Кең жайлау — жалғыз бееік жас балаға» (Ф. Шиллерден).

Бұл аудармаларында да Абай шеберліктің, дәлдіктің, тексті терең түсінудің үлгілерін көрсете алған.

Сөз соңында қандай қорытынды жасауға болар еді? Ең әуелі, мұндай игілікті іске Абай

еріккеннің ермегі немесе көлденең кәсіп ретінде қарамаған. Керісінше, соншалық шабытты жолдар орыс елінің ұлы мәдениетімен қазақ ақынының танысып, Пушкин, Лермонтов сынды абзал жандармен сырласу сәтінде туған. Сол себепті, Абай, бір жағынан, ақындық өнерін шырқау биікке көтерсе, екіншіден, сол кездегі қазақ жұртшылығын тың бір дүниемен таныстырды, келешек ұрпаққа өнеге боларлық ұмытылмас еңбек жасады. Рас, Абайдан бұрын, тек Алтынсарин ғана болмаса, өзге тілден аударма жасаған қайраткерлер қазақ топырағында кездеспейтін-ді. Шығыстың ертегі-хикаялары, әдетте, ауызша тарап келген еді. Міне, осындай кезеңде Абайдың аударма өнерімен шұғылдануы өте күрделі, тіпті, тың қадам еді. Мұндай ауыр бастамада Абайға көмек көрсеткен, жеңіске жеткізген оның асқан дарыны мен керемет интуициясы. Данышпан ақын аз жылғы тәжірибесінде шын мәніндегі ісмер аударушы дәрежесіне көтерілді. Сонан болса керек, қазірдің өзінде Абайдың кейбір аудармалары көркемдік қасиеттері мен дәлме-дәлдігі жағынан кейінгі буын талапкерлердің бәріне қол жетпес үлгі болып келе жатыр. Бұл сырт көрініс қана. Ал ең қымбаттысы мен ұтымдысы басқада: меңіреу қараңғылықты жамылып жатқан қазақтың байтақ даласына гуманист ақын Россияның озат ойын, асыл арманын, демократиялық мәдениетімен бірге, жарқын жүзді адамдарын да әкелді. Сөйтіп, ежелден көршілес келе жатқан екі халықтың арасындағы туысқандық қарым-қатынасы мен мызғымас достығын нығай-

та түсуге жан аямай қызмет етті. Әрине, бұл екiнiң бiрi атқара беретiн оқай iс емес едi. Феодалдық-мешеулiк пен ислам дiнi фанатизмiнiң белең алып тұрған сол бiр шақта «қағбасын» Россия жақтан iздеу тек Абай еынды көреген, данышпан адамның, бұқара көпшiлiктiң мұңын мұндап, жоғын жоқтаған, халықтың бел баласының ғана қолынан келетiн ерлiк қадам едi. Сонымен қатар орыстың ұлы мәдениетiнен нәр алу қазақ әдебиетi тарихындағы Абайдың алып еңбегiнiң тезiрек және құнарлы жемiс беруiн жеңiлдете түстi, жаңа бағытты, шын мәнiндегi өскелең өнердiң (бұл жерде қазақтың көркем әдебиетi мен әдеби тiлi мағынасында айтып отырмыз.—*Ы. Д.*) негiзiн қалауына даңғыл жол ашып бердi.

Сонымен, қорыта келгенде, орыс поэзиясының тамаша үлгiлерiн қазақ тiлiне аударуда да Абай зор еңбек сiңiрдi, аударма өнерiнiң iрге тасы қалануына ат салысты дей аламыз.

* * *

Бұл жолы Абайдың «Ғақлия» деп аталатын қара сөздерiне айрықша көңiл бөлiнiп, жаңадан текстологиялық жұмыс жүргiзiлдi.

Абайдың поэзиясы жан-жақты және терең зерттеле тұрса да, оның қара сөздерiне тиiстi дәрежеде көңiл бөлiнбей келдi.

Тегi оған негiзгi бiр себеп, сол кездегi қазақ әдебиетiнде көркем прозаның жөндi дамымай, тым кенже қалуында болса керек. Демек, қазақ ауыз әдебиетiнде ертегiлер, аңыз-әңгiмелер ең мол сала болғанымен, сондай-ақ, Ал-

дар көсе, Жиренше шешен, Аяз бидің есімдеріне байланысты новеллалар ел арасына көп тарағанмен европалықтар ұғымындағы нағыз проза қазақ топырағында орын теуіп үлгермеген еді. Рас, Абай төңірегінде сол кездің өзінде-ақ шығыс ертегі-хикаяларынан басқа Лесааж, Дюма алуандас атакты жазушылардың романдары қазақ арасына ауызша тарап, Баймағамбет секілді ертегішілері күрделі тақырыпқа әңгіме айтуды машық етсе де, жазба әдебиеті ретінде проза жанрының ірге тасы қалана қойған жоқ болатын-ды. Бұл саладағы Ыбырай Алтынсариннің еңбегі де игі бастама ғана еді. Сол уақыттағы Европа елдері; олардың ішінде орыс прозасымен жете таныс Абайдың өзі М. Ю. Лермонтовтың аяқталмаған «Вадим» поэмасын өлеңмен аударуы да тегін көрініс емес.

Задында, Абай сол кездегі қазақ жағдайында мұндай күрделі жанрдың туатын сағаты әлі соққан жоқ деп таныған тәрізді. Сондықтан да кеменгер ақын, көбінесе, «Өлең — сөздің патшасына» молырақ көңіл бөліп келген.

Ал, енді Абайдың қара сөздеріне қысқаша сипаттама беріп өтелік. Осы еңбегі турасында ақынның өзі былай дейді: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім-өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым; енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Шын солай ма? Поэзия туралы: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Сөз түзелді тың-

даушы сен де түзел» деп отырған Абай бұл жерде қалайша нысаналы бағытынан оп-оңай тая қалды? Әлде ақынның мұнысы оқушыларына жасаған базнасы ма, немесе проза түрінің қиындығын өзіне тосын дүние екендігін ескеріп, алдын ала жеңілдік сұрап отыр ма? Қалайда бұл арада бір нәрсенің басы ашық болса керек: өмірде талайды басынан кешірген тәжірибелі адам өзінің көрген-білгендерін ортаға салумен қатар, тұжырымды ойларын да ұсынбақ. «Қаласаң ал, керегіңе жарат, қаламайды екенсің, өз сөзім өзімдікі»,— дейді Абай.

Бұл жолы біз Абай сөздерінің егжей-тегжейіне жете талдау жасамаймыз. Өйткені бұл мәселені кейінірек және арнайы тексермекпіз. Әзірше осы қара сөздер туралы кейбір түйген ойларымызды ғана ортаға салумен бірге, текстологиялық ізденістерімізге тоқтап өтсек дейміз.

Біздің байқауымызша, Абайдың қара сөздерін сан салалы түрге бөліп, жіктеудің орны жоқ. Себебі, тұтастай алғанда: «Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізді»⁵,— деп аса көрнекті ғалым М. Әуезов дұрыс аңғарған. Сондықтан да, Абай бұл сөздерін қалың көпшілікке арнамай, өз маңына шоғырланған аз ғана топқа, немесе есте туту үшін өз қажетіне бейімдеп жазған ба деп қаласың. Мүмкін мұнымыз алғашқы эсер болар.

Ал, осы қара сөздерінде Абай нені әңгіме

⁵ Сонда, 170-6.

етеді, оны толғандырып отырған қандай келе-лі мәселелер?

Қара сөздерде қозғалатын негізгі тақырып сан алуан баяғы ел жайы, ондағы күнделік ұсқынсыз көріністер: жер дауы, би-болыстар-мат болуы шарт. «Халықтың болыстыққа сай-ауыр халі, қазақ сахарасын билеп-төстеп жүрген әкімдердің сыйқы, дін жөніндегі көзқарасы, адам басындағы теріс мінездер, мораль және этика мәселелері, бала тәрбиелеу, жастарды өнер-білімге шақыру, еңбек сүю тағы-сын-тағылар.

Мысалы, тек жалғыз Абай ғана емес, өткендегі ойшыл қайраткерлердің көпшілігі әрдайым сөз етіп келген көкейкесті мәселенің бірі — дін, мораль екені айқын. Абай өз заманындағы ел арасындағы дінге деген көзқарасты сынға алып, сол діннің қағидаларын адамгершілік моральға жанастыра түсіндірмек болады. Бірақ ол мұсылман дінінің негізіне шүбә келтірмейді, қайта құдайдың барлығын, бірлігін, пайғамбардың хақтығын, иман мен парыздың неден құралатынын айтып, тыңдаушы қауымды сендіруге талап етеді. Бұл жерде ескертетін тағы бір жайт: Абай ұғымынша молдалар құранды дұрыс түсінбей жүр, өздерінше бұрмалап оқиды, уағыздайды, Мұхамметтің хадистерін де жөнді білмейді, теріс ұғынады. Демек, олардың алла атынан айтып жүргендерінің көпшілігі қате, яки жаңсақ ойлар деп таниды.

Абайдың тағы бір көбірек тоқтаған тақырыбы: қазақ елін басқару жайы. Сол заманындағы старшиң-болыстардың озбырлығы, жемқор-

лығы және басқа да жексұрын қылықтарын өз көзімен көрген Абай, қазақ даласындағы әкімдіктің түр-сипаты туралы терең толғанып, өз тарапынан тиімді ұсыныстар жасады.

Абайдың топшылауынша, билік басындағы адам, ең алдымен, білімді, орысша оқыған азамат болуы шарт. «Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадәрлі орысша образование алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уезный начальник бірлән военный губернатордың назначениесі бірлән болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Аның себебі: әуелі қызметқұмар қазақ балаларына образование беруге ол да — пайдалы іс, екінші — назначение бірлән болған болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді», — дей келе мынадай қорытынды шығарады: «Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты : «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі — тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сез. Үйтіп би көбейткенше, әрбір болыс, елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе. Ол билерге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке тандап алып, үстіне біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе, егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді», — деп түйеді. Мүмкін, Абайдың бұл ойлары мінсіз де

емес шығар. Өйткені, ең жақсы ереженің өзі бар болмысты түгел қамти алмайды ғой. Бұл жерде бізге қымбаты: халқының қамын жеп, оның күнделікті өміріндегі кейбір сорақылықтарға қарсы шығу арқылы Абайдың бұқара тіршілігіне тікелей араласып, жаны ашуында емес пе? Әйтпесе, билерді сайлау жөніндегі Абай ойының Шоқан Уәлихановтың бұл туралы жазғандарымен қабысып жатқаны және «ендігі билер ауыспайтын өмірлік би боп сайлансын» деген пікірлері қате екені мәлім ғой.

[Туған халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жоғары бағалай отыра, Абай солардың бәріне бірдей сұқтана қарамаған, талғай да, тандай да, сынай да білген. Бұл ретте ұлы ақынның халық мақал-мәтелдерінің кейбіреулеріне берген сын-талдауларын келтіруге болар еді. «Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамайтыны да бар» дей келе, бірнеше мақалдарға талдау жасап, сынға алады.

Адам мінездеріне, ел билеу ісіне, дін мен моральға арналған әңгімесіне Абай қайта-қайта оралып, кеңейтіп, тереңдетіп отырады. Өзі ескінің аяғы бола тұрса да, жаңаның кейбір жақсы нышандарын көре және тани білгендіктен, өзінен бұрынғы, сондай-ақ өз қауымы ортасында орын тепкен кейбір ой-саналар мен ұғым-түсініктерге сын көзімен қарайды, солардың ішіндегі халық мүддесіне жат қағидаларға ашықтан ашық қарсы шығады.

Қайталап айтсақ, Абай қара сөздеріне біз